

Бекітілді
Орал гуманитарлық колледж
директорының м.а.
З.М.Габдуллинаның
«03» қыркүйек 2018 жылы



МЕМ «Орал гуманитарлық колледжімен» мемлекеттік көрсетілетін қызметті 2018-2019 оқу жылына арналған іске асыру ережесі

1. Жалпы ереже

1. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет МЕМ «Орал гуманитарлық колледжімен» іске асырылады (әрі қалай – қызмет ұсынушы).

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет өтініштерін қабылдау және нәтижелерін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті орындау (өтінішке жауап беру) оқу орнының базасында озырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз жүзінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – Мемлекеттік корпорацияға құжатты қабылдағаны жөніндегі қолхаты.

2. Қызмет ұсынушымен мемлекеттік көрсетілетін қызметті іске асыру барысы

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті орындау үшін негіз болып Мемлекеттік корпорациядап түскен қызмет алушының өтініші саналады.

5. Мемлекеттік көрсетілген қызметтің мазмұны мен орындалу мерзімі:
- директордың бұйрығымен бекітілген колледжінің мемлекеттік көрсетілген қызметті іске асыруға жауапты қызметкер өтінішті қабылдап алғаннан кейін жұмыстанып, 5 (бес) жұмыс күні ішінде нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға тапсыруға тиісті.

6. Мемлекеттік көрсетілген қызметтің нәтижесі ретінде Мемлекеттік корпорацияның қабылдап алған қызметкерінің қолхаты.